

Алтыншыдан, Зайсан топонимиясының көпқабатты табиғаты анықталды: көне түркі қабаты, моңғол кезеңінің қабаты, түркі-моңғол синтезі, қазақ дәуіріндегі шаруашылық атаулары бір кеңістікте тоғысқан.

Жалпы алғанда, Зайсан өңірінің топонимиялық жүйесі - Қазақстанның тарихи, мәдени және тілдік мұрасының маңызды бөлігі. Зерттеу нәтижелері өңір атауларының тек географиялық емес, мәдени-танымдық, тарихи және лингвистикалық ақпарат көзі екенін дәлелдеді. Өңір топонимиясының көпқабаттылығы Зайсанды қазақ ономастикасында ерекше орынға шығарады. Сондықтан Зайсан топонимдерін одан әрі кешенді археологиялық, лингвистикалық және этнографиялық зерттеулер арқылы кеңейтіп қарастыру - болашақ ғылыми ізденістердің маңызды бағыты болып табылады.

Қорытынды

Зайсан өңірінің ономастикалық атаулары - аймақтың тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтаушы аса құнды қабаттардың бірі. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, сонымен қатар көне этникалық процестердің, шаруашылық өмір салтының, табиғи-географиялық ерекшеліктердің және тарихи оқиғалардың айқын айғағы қызметін атқарады. Бұл өңірдің топонимдері мен гидронимдері ғасырлар бойғы мәдени-тарихи дамудың куәсі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Зайсан аймағындағы атаулар көпқабатты тілдік және мәдени негізге ие. Түркілік қабат басты орынды иеленсе де, моңғол, қытай, орыс тілдік ықпалдарының да ізі байқалады. Зайсан, Кендіағаш, Қарабұлақ, Шілікті, Көктал, Айнабұлақ, Шорға сияқты атаулардың этимологиялық сипаттары өңірдің этникалық тарихын, шаруашылық дәстүрлерін және географиялық орта ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Бұл атаулардың әрқайсысы аймақтың тарихи сабақтастығын нақты дәлелдейтін мәдени стратификацияның бөлігі.

Зайсан өңірінің ономастикалық кеңістігі - қазақ халқының мәдени-рухани мұрасының ажырамас құрамдас бөлігі. Бұл атауларды ғылыми тұрғыда талдау арқылы біз өңір тұрғындарының тарихи санасын, дүниетанымын, рухани құндылықтарын және мәдени дамуын тереңірек түсіне аламыз. Ономастикалық зерттеулер тек тіл білімінің нысаны емес, сонымен қатар тарих, этнография, география, археология және мәдениеттану ғылымдарының ортақ зерттеу алаңына айналып отыр.

Қорытындылай келе, Зайсан өңірінің ономастикалық атаулары - аймақтың тарихи сабақтастығын, мәдени көпқабаттылығын және рухани-этникалық болмысын танытатын маңызды көрсеткіш. Бұл атауларды ғылыми тұрғыдан зерделеу өңірдің тарихи жадын сақтау, ұлттық мәдени мұраны дәріптеу және қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктерін анықтауға зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Книга Денякин, Ю.А Зайсан праславный.- 2017ж, 324б
2. Наука “История озер севан Иссык-Куль Балқаш Зайсан и Арал”-1991
3. Г.И.Поляковъ” подвезка на озера Зайсань-норь и Марка-куль”- Москва 1914-435
4. Зағыпаров Е. Зайсан ауданының энциклопедиясы. - Өскемен: «Альтаир» баспасы, 2023. - 512 б.
5. Седельников А. Н. Гидрология озера Зайсан. - Ленинград: Гидрометеиздат, 1959. - 140 б.
6. Жапаров Б. (құраст.) Қазақтың құт қонған Зайсаны. - Өскемен: «Шығыс ақпарат», 2013. - 280 б.
7. Кәрімхан З. Зайсан өңірінің XIX ғасырдағы оқиғалары // e-history.kz..
8. Касымбаев Ж. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг. - Алматы: Білім, 1994. - 215 б.
9. Майдан, тыл ардагерлеріне - тағзым! - Өскемен: «Полиграфия», 2015. - 180 б.
10. Восточно-Казахстанская область: энциклопедия. - Алматы: «Атамұра», 2009. - 624 б.

КӨКШЕТАУ ӨҢІРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ

Елеусіз А.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

aslane523@mail.ru

Астана қ.

Аңдатпа.

Мақалада Көкшетау өңірінің топонимикалық атаулары тарихи және географиялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу Көкшетау қаласының және оның айналасында орналасқан басқа да ауыл және аудандардың атауының шығу төркінін, оның табиғи-географиялық сипаттамалармен байланысын және топонимдердің қалыптасу динамикасын анықтауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты - Көкшетау өңіріндегі елді мекендердің топонимикалық қалыптасу тарихын, атаудың шығу тәркінін, табиғи-географиялық негіздерін және әр кезеңдегі саяси-әлеуметтік өзгерістердің атау трансформациясына ықпалын кешенді түрде талдау, аймақтардың байырғы атауларының өзгеру себептерін анықтай отырып, ұлттық топонимияны қалпына келтіру тұрғысынан зерттеу.

Зерттеу барысында тарихи деректер, архив материалдары, орыс саяхатшылары мен географтарының еңбектері, сондай-ақ Т. Жанұзақ, Е. Қойшыбаев, О. Сұлтаньяев және басқа да қазақ зерттеушілерінің тұжырымдамалары пайдаланылды. Этнолингвистикалық және тарих-географиялық әдістер қолданылып, Көкшетау өңірінің топонимдік жүйесінің ерекшеліктері мен тарихи динамикасы анықталады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын реттеу және халықтың тарихы мен рухани мәдениетінің маңызды куәгері ретінде ұлттық топонимияны жаңғырту мақсатында ономастикалық зерттеулер жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Ал географиялық атауларды зерделеуге бағытталған ғылыми зерттеудің өзектілігі тіл саясатын іске асырудағы, оның ішінде мемлекеттік тілді дамытудағы атауларды өзгерту стратегиясының маңыздылығымен байланысты. Мақалада аумақта көп кездесетін орыс тілді атаулардың болуына және қазақ тілді топонимика қабатының ұмытылуына алып келген облыстағы өзге тілдегі атаулардың пайда болу процестері қарастырылады. Сонымен қатар, географиялық нысандардың атауларында жер бедері терминдерінің бейнелену заңдылықтары қарастырылады. Топырақ-өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі атауларының қатысуымен жасалған топонимдер анықталады, гидрография терминдері талданып, олардың өңір топонимдерін қалыптастырудағы рөлі анықталады.

Түйін сөздер: Көкшетау, Ақмола, топонимика, облыс, ономастика, тарих, этимология, орография, ойконим, география.

Аннотация.

В статье рассматриваются топонимические названия Кокшетауского региона с исторической и географической точек зрения. Исследование направлено на выявление происхождения названий города Кокшетау и расположенных вокруг него других сельских населённых пунктов и районов, их связи с природно-географическими особенностями, а также на определение динамики формирования топонимов.

Цель исследования - комплексно проанализировать историю топонимического формирования населённых пунктов Кокшетауского региона, происхождение их названий, природно-географическую основу, а также влияние социально-политических изменений разных периодов на трансформацию названий. Кроме того, определяется, по каким причинам изменялись древние, исконные названия мест, и рассматривается вопрос восстановления национальной топонимии.

В ходе исследования использованы исторические источники, архивные материалы, труды русских путешественников и географов, а также концепции казахстанских исследователей Т. Жанұзака, Е. Койшыбаева, О. Сұлтаньяева и других. Применяются этнолингвистические и историко-географические методы, которые позволяют выявить особенности топонимической системы Кокшетауского региона и её историческую динамику.

Проведение ономастических исследований с целью упорядочивания названий административно-территориальных единиц и возрождения национальной топонимии как важного свидетельства истории и духовной культуры народа является актуальной задачей сегодняшнего дня. А актуальность научного исследования, направленного на изучение географических названий, связана с важностью стратегии переименования в рамках реализации языковой политики и развития государственного языка. В статье рассматриваются процессы появления в области многочисленных русскоязычных названий и причины утраты казахского топонимического слоя. Также анализируются закономерности отражения терминов рельефа в географических названиях. Определяются топонимы, сформированные при участии названий почвенно-растительного покрова и животного мира; анализируются гидрографические термины и их роль в формировании топонимии региона.

Ключевые слова: Кокшетау, Ақмола, топонимика, область, ономастика, история, этимология, орография, ойконим, география.

Abstract.

The article examines the toponymic names of the Kokshetau region comprehensively from historical and geographical perspectives. The study aims to identify the origins of the names of the city of Kokshetau and the surrounding villages and districts, their connection with natural-geographical characteristics, and the dynamics of toponym formation.

The purpose of the study is to provide a comprehensive analysis of the history of toponymic formation of settlements in the Kokshetau region, the origins of their names, their natural-geographical basis, as well as the influence of socio-political changes of different periods on the transformation of place names. It also seeks to determine the reasons for changes in ancient, indigenous names and to explore the restoration of national toponymy.

The research uses historical sources, archival materials, the works of Russian travelers and geographers, as well as the concepts of Kazakh researchers such as T.Zhanuzak, E. Koishybayev, O. Sultanyayev, and others. Ethnolinguistic and historical-geographical methods are applied to identify the features and historical dynamics of the toponymic system of the Kokshetau region.

Conducting onomastic research aimed at regulating the names of administrative-territorial units and reviving national toponymy as an important witness of the people's history and spiritual culture is an urgent issue today. The relevance of scientific research on geographical names is also linked to the importance of renaming strategies within language policy and the development of the state language. The article discusses the processes behind the emergence of numerous Russian-language names in the region and the reasons for the loss of the Kazakh toponymic layer. It also analyzes the patterns of reflecting relief terms in geographical names. Toponyms formed with the participation of soil-vegetation and wildlife names are identified, hydrological terms are examined, and their role in shaping the region's toponymy is determined.

Key words: Kokshetau, Akmola, toponymy, region, onomastics, history, etymology, orography, oikonym, geography.

Кіріспе

Топонимдер ата-бабамыздың материалдық және рухани мәдениетінің бай мұрасы болып табылады. Олар - әртүрлі кезеңдердегі көптеген тарихи оқиғалардың куәсі. Адамзат қоғамының даму процесінде, негізінен сыртқы факторлардың әсерінен адамдардың өмірінде көптеген өзгерістер орын алады. Оларға қалалардың, елді мекендердің, географиялық нысандардың атауларының өзгеруі де жатады. Ақмола облысының топонимдері де, оның ішінде Көкшетау аймағы Қазақстанның өзге облыстарындағы секілді өзгеру процесіне ұшырады. Әрбір жер атауы - белгілі бір тарихи оқиғаның, этномәдени үдерістің, тілдік ерекшеліктің көрінісі. Сондықтан топонимдер ұлттық тарихи-мәдени кодтың маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. [4, 123 б]

Мақалада Көкшетау топонимі Абылайхан ордасы заманынан бүгінгі күнгі Ақмола облысының орталығы атанған уақытқа дейінгі аралықты қамтиды. Бұл аралықта аймақтағы елді мекендердің атауының қалыптасуы мен пайда болуына, өзгеруіне ықпал еткен маңызды оқиға бар. Бұл XVIII ғасырда қарқынды жүзеге аса бастаған Ресей патша үкіметінің отаршылдық саясаты. Ғалым М. Мырзахметов патша үкіметінің отаршылдық саясатының қазақ топонимдеріндегі көрінісін төмендегідей үш топқа бөледі:

1. 1731-1822 жылдар аралығында патша үкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған кезінде жер атауларын өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қасқабағына қарай жүргізді.

2. 1822-1867 жылдар аралығында хандық билік жойылып, аға сұлтандар ел билеу жүйесіне енген соң, қазақ жерін «болыста болыстай» ел билей беру дейтін отаршылдық принципі негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктеді. Бұл тұста да ру басшыларын біріне біріне қарсы қойып, отаршылдық саясатты оңай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілей түсті.

3. 1868 жылғы “Жаңа низам” ережесі мен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде көбейе түсті. Қазақтардың ұлан-асыр өлкесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларын отаршыл үкімет саналы түрде өзгертуді шындап қолға алды. Ғалым пікірінен еліміздегі орыстанған географиялық жер-су атауларының қалыптасу кезеңдері мен себептерін айқын аңғаруға болады. [2, 174-175 б]

Топонимдердің шығу тәркінін зерттеу кезінде лингвистикалық талдаумен қатар халықтың тарихын, жергілікті жердің географиясын ескеру қажет.[7,198б] К.М. Мусаевтың пікірі бойынша географиялық атаулар географ, тарихшы, лингвист, археологтар үшін мағлұмат көзі қызметін атқарады. Географиялық атаулар топонимикалық зерттеулерге, сондай-ақ қоныстану тарихы мен адамның экономикалық қызметінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған ақпараттық материал болып табылады.

Көкшетау өңірін зерттеу ерте кезден-ақ басталды. Алғашқылардың бірі болып В.Н. Татищев, П.И. Рычков, А.М. Щекатов болды. П.И. Рычков 1762 жылы жарық көрген “Топография Оренбургской

губернии” кітабында Есіл өзені бойын, Көкшетау таулары мен Ботағай қалашығын сипаттан жазды. [5, 14 б]

Аймақ топонимдеріне тарихи-лингвистикалық талдау белгілі лингвист, филология ғылымдарының докторы О.А. Султаньяевтың еңбектерінде көрініс тапты. Оның еңбектері топонимдерді құрылыстық-грамматикалық ерекшеліктері бойынша талдауға арналған. Сондай-ақ Көкшетау өңірінің тарихи атаулары туралы құнды деректер өлкетанушы Клара Әмірқызының өлкетану жазбаларында көрініс тапқан. [5, 15 б] Одан бөлек, топонимдердің қоршаған ортамен байланысы туралы өз деректерінде Э.М. Мурзаев, қазақстандық ғалымдар А.С. Омарбекова, К.Т. Сапаров, А.Е. Егінбаева және т.б. жазды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық, деректанулық талдау және зерттеуге объективті көзқарас қағидаттарына негізделеді. Мақалада берілген мәліметтердің нақтылығына көз жеткізу үшін деректанулық әдіс қолданылды. Бұл нақты тарихи мәселені және тұтас тарихи процесті терең әрі тиімді зерттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарих-географиялық, тарихи-лингвистикалық және салыстырмалық тарихи әдістер қолданылды. Бұл топонимдердің қалыптасу тарихын, бастапқы мағынасы мен олардың өзгеріске ұшырау себептерін жете зерттеуге мүмкіндік берді. Мақалада орыс географтары мен саяхатшыларының еңбектері, жергілікті өлкетанушылардың, лингвист және этнографдың жазбалары және автордың зерттеліп отырған аумаққа жүргізген далалық этнографиялық экспедицияларының материалдары пайдаланылды. Аталған дереккөздер мақаланың мазмұны мен ғылыми жаңалығын ашуға мүмкіндік берді.

Бұл тұрғыда жергілікті өлкетанушылардың қатарынан негізгі дерек көзі ретінде И.Бекзатқызының “Ақмола облысының тарихи топонимдері” еңбегі алынып, оған қоса Т. Жанұзақ, А. Шарипов еңбектері кешенді талданады. Көкшетау өңірі Ресей патшалығы заманынан бастап зерттеу аймағына айналғандықтан, орыс саяхатшылары мен зерттеушілері П.И. Рычков, 1815-1816 жылдары қазіргі Көкшетау, Атбасар, Астана қалаларының орналасқан жерлерін зерттеген В. Шангин, Есіл даласын зерттеген А.М. Щекатов жұмыстары талқыланады.

Ақмола облысы Сарыарқаның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Аумақтың көп бөлігі белесті жазықтары басым, қоңыржай белдеудің далалық ландшафттық аймағына кіреді. Оның аумағында бір типті ұсақ шоқылар, аласа таулар, әлсіз тілімденген жазықтар мен өзен аңғарлары бар. Солтүстік бөлігін шығыстан батысқа қарай еністеу келген Көкшетау қыраты алып жатыр. Көкшетау қаласының аты тікелей осы қыратпен аталған. Оның суреті мен келбет-кескінін С. Сейфуллин “Көкшетау” поэмасында тамаша берген. Орысша: “Синюха” деп аударғанмен, ресми түрде қазақ тіліндегі тарихи Көкшетау аты берік орын алған. Е. Қойшыбаев атаудың мән-мағынасы туралы: “Көкшелі тау”, қазақтың осы тауда жайлаған (не қыстаған) ескі ру тобының (Көкшенің) атымен байланысты. Оның үстіне, қазақтың Көкшебай, Байкөкше антропонимдерімен жақсы үндеседі”, - деген үзілді-кесілді пікір айтады. [6, 109 б]

Таудың Көкшетау атауы жер табиғатына, оның сұлу көркі мен бедеріне байланысты, тау төңірегін, оның баурайының мәңгі жасыл, көгеріп, алыстан көкші болып көрінетін, ыстық желден қарағай түсіне орай қойылғанын кімге болса да белгілі. [6, 110 б]

“Көк” сөзі “заңғар биік” немесе тіпті “аспан” мәніне сай келеді”, - дейді Е.Қойшыбаев. Т. Жанұзақтың пікірі бойынша, Көкше (сын есім) атауының мағынасы: «бұл жердің көгеріп жатуына немесе алыстан көгеріп көрінуіне» байланысты қойылған. [8, 32 б].

1824 жылдың 8 наурызында подпоковник А.Григоровский бастаған отряд Петропавлдан Көкшетау тауы жаққа жаңа округ үшін зерттеу жүргізіп, приказ (әкімшілік басқару орталығы) құру мақсатында жолға шықты. Батыс Сібірдің генерал-губернаторы П. Капцевичтің нұсқауына сәйкес, “...округтің атауын осы жерлердегі ең белгілі қоныс-урочище атымен белгілеу керек, ал бірінші округті Көкшетау округі деп атау қажет” деп бұйырылған. [9,33 б] Аймақ климаттың қаталдылығымен, қатты жел мен қыстың аяз күндерімен ерекшеленген болатын. Сондықтан суық қыс пен осы өңірге тән қатты желдер Григоровскийдің отрядын қазіргі Көкшетау қаласы орналасқан жерге бұйрықты көшіруге мәжбүр етті. Ал атауы Көкшетау тауларынан алынған бұл бекініске мәңгі қалды. Кейін Батыс Сібірдің генерал-губернаторына Көкшетау округін 1825 жылдың қазан айында зерттеу нәтижелері жөнінде полковник С. Броневский былай деп баяндаған: “Бұл жерді әскери позиция ретінде таңдауда қолайсыз ештеңе болған жоқ: биіктіктер алыстағы кеңістікті бақылауға мүмкіндік береді, ал бір жағындағы үлкен көл бекіністі алынбайтын етеді...” [10, 20 б]

1868 жылы Көкшетау сыртқы округ жойылып, атауы Көкшетау қамалы болып өзгертілді. Ол тікелей Ақмола облысына бағынышты болды. 1895 жылы қамал қала атағын алды. [1, 264 б]

А.У. Маканова қазақ халқының көшпелі өмір салты жер бедері мен ландшафт ерекшеліктерін зерттеуге ықпал еткенін, бұл табиғи жайылымдарды өңірлік пайдалану кезінде қажет болғанын жазады. Көшпелі шаруашылық пен мәдени қызметті жүргізуде шешуші мәнге ие табиғи орта әсіресе шаруашылықтың осы түріне тән өзіндік лексиканың қалыптасуына әсер етті. Осылайша, шаруашылық жүргізудің ерекшеліктерін қазақтар көбінесе географиялық нысандардың аттарында бейнелеп көрсетеді. Мұнда халықтық географиялық терминдердің қатысуымен жасалған топонимдер маңызды рөл атқарды. Сол себепті жер бедерінің оң және теріс формаларының халықтық географиялық терминдері облыс топонимдерінде жиі кездеседі, олардың ішінде биіктікке (төбе, шоқы, жал, тау, адыр, тас) және ойыс жерлерге (шұңқыр, сай, ой, ойық) қатысты орографиялық терминдер бар. Мысалы: Көкшетау, Бөлектау, Ортақтөбе, Тайтөбе, Сарыадыр, Ақшоқы, Мыңшұңқыр, Қызылсай және т.б. [5, 19 б]

Географиялық атаулар орографиялық әртүрлілік пен жердің геологиялық құрылымын, пайдалы қазбалардың болуын айқын көрсетеді. Ақмола облысының жер қойнауы пайдалы қазбаларға бай екендігіне Алтынтау, Алтынды, Боралтау, Борлықөл, Борлысай, Шойындықөл және т.б. географиялық атаулар дәлел бола алады. Осылайша, пайдалы қазбалар облыстың топонимдерінде көрініс тапқанын және одан әрі ғылыми зерттеу нысаны бола алатынын атап өткен жөн. [5, 19-20 б]

Қазақстанда өзге тілді топонимдердің күштеп енгізілуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады, сол кездері патша үкіметінің Ресейдің шеткі аймақтарын, оның ішінде Қазақстандағы отарлауы қарқынды жүзеге асырылды. Осыған орай, Көкшетау өңірінде Васильковка, Викторовка, Исаковка сынды ауылдар пайда болды. Бұл өз тұрғысында антропонимикалық атаулармен де байланысты болды.

Идеологиялық топонимдер толқыны Кеңес Үкіметі тұсында, Қазан төңкерісінен кейін пайда болды. Қоғамдық өмірдің өзгеруі елдің топонимикалық бейнесін айтарлықтай өзгертті. Қазақстан аумағында жергілікті халыққа беймәлім мыңдаған жаңа географиялық атаулар пайда болды. [5, 26 б] Көбінесе “красный” сөзі жалғану арқылы жасалды: мысалы, Көкшетау қаласының маңында орналасқан Красный Яр ауылының әлі күнге идеологиялық атауы сақтаулы.

Ойконимия барлық басқа онимдер секілді ұзақ тарихи дамуың жемісі. Ол халықтың этникалық және мәдени тарихымен тығыз байланысты. Р.И. Хазиева атап өткендей, оларда этностардың қоныстануы мен көшіп қону аймағы, белгілі бір тарихи оқиғалар, ландшафт ерекшеліктері, тұрғын жайлар мен қоныстардың дамуы, тарихи география, халықтар тарихы, оның этногенезі мен тілі туралы құнды мәліметтер айқын көрінеді. Көкшетау өңірінің ойконимикалық жүйесі ұзақ уақыт бойы өте күрделі тарихи-географиялық және лингвистикалық жағдайларда қалыптасты. Елді мекендердің атаулары - номинациялау кезіндегі басты критерий болып табылатын қоғамдық қажеттіліктің нәтижесі. Әрбір топоним - халық тарихының, ұлт мәдениетінің айнасы болып табылатыны белгілі. Олар арқылы белгілі бір аймақтың табиғи ерекшеліктері мен тарихы жайында білуге болады.

Көкшетау өңірінің топонимикалық жүйесін зерттеу нәтижелері оның тарихи, географиялық және саяси дамуы өзара тығыз сабақтасқан көпқабатты құбылыс екенін көрсетті. Жүргізілген талдаулар бойынша, «Көкшетау» атауы ежелгі табиғи-географиялық сипаттамаларды бейнелейтін көне этнолингвистикалық негіздерден бастау алады. “Көк”, «көкше» компоненттерінің семантикалық қырлары - “аспан түсті”, “көкжиекте көгеріп көрінетін”, “заңғар”, “әзелгі ру атауы” деген нұсқалар - өңірдің табиғи келбеті мен этникалық тарихына байланысты қалыптасқан. Бұл атаудың мән-мағынасын Т. Жанұзақ, Е. Қойшыбаев, О. Сұлтаньяев сынды зерттеушілердің еңбектері терең ашады. Жердің алыстан көкшіл тартып көрінетін бедері, қарағайлы орманның мәңгі жасыл түсі, Бұқпа мен Көкше тауларының табиғи реңі атаудың табиғи-ландшафтық негізін нақты дәлелдейді.

Сондай ақ қала топонимінің Трансформациясы жүзеге асқан болатын. Ол топонимнің дұрыс айтылмауы, бір тілден екінші тілге өтуі, құжаттарға екі және одан да көп нұсқада енгізу және дереккөздерді көшіру нәтижесінде орын алды. [2, 176 б] Орыс тілінің енуі әсерінен Көкшетау қаласы қосарлы атауға ие болды. Ол әлі күнге дейін сақталып, қала ішінде “Көкшетау” және “Кокчетав” деген атау тараған. Бірақ тарихқа көз жүгіртіп өтсек, “Кокчетав” атауы мүлдем шынайы атауға сай келмейтінін, бұл атау Патша үкіметінің саясаты екенін бірден аңғаруға болады.

1915 жылғы “Көкшетау және басқа да уездердің қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдемелер” бойынша, елді-мекен аттары бастапқыда ана тіліндегі қазақ атауларымен аталып, қоныс аударушылар келгеннен кейін ғана ауыл тұрғындарының шешіміне сәйкес орыс тіліндегі атауларға алмастырылған. Осылайша, Ақмола облысында жаппай қоныс аудару учаскелерінің пайда болуы нәтижесінде Көкшетау қаласының есімімен қатар төмендегі елді-мекен аттары өзгеріске ұшырады: қазіргі Сандықтау ауданына қарасты

Қояндыкөл ауылы Новоникольск, Жалтыркөл - Новосёловка, Балапан - Веселое, Жалпаққарағай - Быстримовка, Тақыр Жыланды - Граниковка, Жыланды - Михайловка және т.б.[2, 176-177 б]

Көкшетау өңірінің табиғи-географиялық ерекшеліктері де топонимикалық құрылымның қалыптасуына тікелей әсер етті. Бұқа тауы, Көкше жотасы, Қопа көлі және орманды алқаптар дәстүрлі географиялық атауларды тудырып қана қоймай, олар кейін қала, уезд, округ және елді мекен атауларында да көрініс тапты. “Арқаның кербез сұлуы”, “Жер шоқтығы - Көкшетау” сияқты халықтық эпитеттер өңірдің сакральды-мәдени беделін нығайтты.

Сонымен қатар, отарлық кезеңдегі атаулардың енгізілуі Көкшетаудың тарихи топонимдік бейнесіне айтарлықтай өзгеріс әкелді. 1868 жылғы “Жаңа низам” ережесі қазақ даласының әкімшілік құрылымын түбегейлі өзгертті. Осы реформалар нәтижесінде көптеген қазақша атаулар ресми айналымнан шығып, олардың орнына орысша нұсқалар бекітілді.[2,174б] Бұл тарихи кезең Көкшетау қаласының топонимдік жүйесінің трансформациясына тікелей әсер еткен маңызды фактор ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Көкшетау өңірінің топонимдерінің қалыптасуы табиғи-географиялық ерекшеліктер, тарихи-әкімшілік қайта құрулар, этнолингвистикалық процестер және саяси-идеологиялық ықпалдардың бірлескен әсерінен жүзеге асқанын дәлелдейді. Қазіргі кезеңде тарихи атауларды қалпына келтіру, ұлттық топонимдерді сақтау және ғылыми негізде жүйелеу жұмыстары бұл өңірдің мәдени жадын жаңғыртуға зор үлес қосады. Көкшетаудың топонимдік тарихы - қазақ халқының этномәдени дамуында маңызды орын алатын күрделі әрі құнды мұра.

Нәтижесінде, Көкшетау өңірінде бой көтерген түрлі елді мекендердің атауы кісі есімі және рутайпа атауына, сол аймақта мекен еткен халықтың шаруашылығына, мекен аумағын қоршалай немесе жанында орналасқан тау, өзен, көл, қырат немесе ойпат атауына, үй жануарларына, жер бедері, климаттық ерекшеліктері, табиғи көрінісі, топырақ терминологиясы және тағы басқа көптеген факторларға байланысты қалыптасқан.

Көкшетау аймағының топонимиясына жүргізілген талдау нәтижесі топонимдердің басым бөлігі олардың өңірдің табиғи ерекшеліктерімен өзара байланысын көрсетті. Қоғамның ұзақ тарихи дамуы нәтижесінде пайда болған ландшафт терминдерінің қатысуымен жасалған топонимдер қалыптасу заңдылықтарын айқындады. Топонимдер номинациясындағы физика- географиялық заңдылықтар көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық жүргізу тәсілімен байланысты. Сондай-ақ, жақын маңдағы көл, тау аттарымен аталған ойконимдер көптеп кездеседі, себебі сол кезең көшпелілердің өмірінде көшіп-қону кезінде, тұрақ орындарының атаулары бағдар ретінде үлкен рөл атқарды. Олардың көпшілігі кейінірек жақын маңдағы елді мекендердің аттарына айналған. Топонимикалық материалдар облыстың бай табиғат жағдайын, ландшафттың алуан түрлілігін, сондай-ақ адамдардың табиғи ресурстарды өте шебер пайдаланғанын көрсетті.

Ойконимдерді талдау нәтижесінде Ақмола облысының елді мекендерінің атауларын қайта атау тарихы зерделенді, географиялық нысандардың атауларындағы түрлі бұрмалаушылықтар анықталды және олардың мәні қарастырылды. Облыс аумағында түркі-татар және орыс тілді топонимдер көптеп кездесуі Ресей империясының саясаты мен, сондай-ақ кеңес үкіметі кезеңімен байланысты. Соңғы жылдары облыста ұлттық топонимдерді қалпына келтіру процесінде біршама жұмыс жасалды. Қазіргі Ақмола облысының аумағы қоныстану үшін ыңғайлы орын болды, өйткені адамдар бұрыннан бері қолайлы табиғи жағдайларды тауып, көл, өзен аңғарларында қоныстанды. Қоныстану процесі жаңа елді мекендердің қалыптасуымен қатар жүрді. Көшпелі қазақтар мекендеген бұл жерлердің бастапқыда өз атаулары болғанын атап өткен жөн. Жергілікті жердің табиғи жағдайын, жер бедерін, климатын, табиғи ресурстарын жақсы біле отырып, көшпелі малшылар олардың шаруашылық жүргізу үшін ұтымды пайдаланды, географиялық нысанға лайықты атау берді. Жаңа жерге келген қоныс аударушылар жаңа құрылған елді мекендерге жаңа атаулар берді. Осылайша, аймақ топонимдерінің екі атауы қалыптасты: бірі - байырғы атау, екіншісі - өзге халықтар қойған басқаша сипат алды. Жаңа ауылдар пайда болған жерлердің алғашқы атаулары тек жергілікті тұрғындар арасында сақталды немесе мүлдем ұмытылды. Кейбір деректер бойынша екі тілдегі атаулар карталарда және қоныс аудару карталарында сақталған

Осылайша, тарихи фактілерге сүйене отырып, қоныс аудару ең алдымен зерттеліп отырған аймақтың ойконимиясына ықпал етті деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяган Б. Казахстан: Национальная энциклопедия. Алматы: Главная редакция, 2005. - 560 с.
2. Бекзатқызы И. Ақмола облысы топонимдерінің трансформациялануының зерттелу мәселелері. Алматы: Отан тарихы, 2020. -169-180 б.

3. Бекзатқызы И. Ақмола облысының ойконимикалық жүйесі: қалыптасуы және қазіргі жағдайы. Алматы: Отан тарихы, 2024. - 529-545 б.
4. Бекзатқызы И. Ақмола облысының тарих топонимдерін қалпына келтіру мәселелері. Нұр-Сұлтан: Халық қазынасы, 2020. - 122-130 б.
5. Бекзатқызы И. Ақмола облысының тарихи топонимдері. Нұр-Сұлтан: Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, 2021. - 96 б.
6. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: Сөздік-словарь, 2010. - 356 б.
7. Мусаев К.М. Лексикология тюрских языков. Алматы: Наука, 1984. - С. 226.
8. Сапаров Қ. Т., Егинбаева А. Е., Кульжанова С. М., Мадетхан Г. Сарыарқаның географиялық нысандарын атаудың табиғи негіздері. Астана: ҚазҰУ Хабаршысы. География сериясы, 2016. 29-35 б.
9. Терещук В. Рассказы о Кокчетаве. Көкшетау: Саяхат, 1992. - 460 с.
10. Шарипов А. А. Кокшетауский и Акмолинский окружные приказы в начале XIX века. Көкшетау: Вестник академии наук, 2018. - С. 18-22.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ФЕНОМЕНІ: НАЙМАН РУЫ: ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Еркін А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Электрондық адресі: aijerkin@gmail.com
Алматы қ.

Орта жүз қазақ этносының дәстүрлі қоғамдық құрылымында әлеуметтік, мәдени және саяси феномен ретінде айрықша орын алады. Қазақ даласының тарихи қалыптасу жолын талдағанда, Орта жүздің этносаяси рөлі тек рулық-тайпалық шежірелерден құралған жабық құрылым ретінде емес, керісінше, көшпелі өркениеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтап отырған күрделі әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйеде әлеуметтік статус, билік институттары, шаруашылық формалары және дәстүрлі құқық бір-бірімен үйлесім тауып, ұрпақтан-ұрпаққа берілген (Муқанов, 1974: 15). Орта жүзді ғылыми тұрғыдан зерттеу қазақ мемлекеттілігінің эволюциясына, территориялық кеңістікке, этникалық трансформацияға және дала қоғамындағы биліктің легитимациялық сипатына ықпал еткен тарихи механизмдерді түсінуге мүмкіндік береді. Көшпелі бірлестіктердің саяси-экономикалық байланысы көп жағдайда география, табиғи ресурстар және этникалық кооперация арқылы жүзеге асқандықтан, олардың этникалық психологиясы тек рулық иерархиямен анықталмаған, сонымен бірге этносаралық бейімделудің тарихи тәжірибесімен қамтамасыз етілген.

Найман руы Орта жүз құрамындағы ең ірі әрі тарихи жағынан маңызды этникалық топ болып, оның этногенезі, қоныстануы және әлеуметтік ұйымдасуы қазақ этнографиясында терең зерттелген. Найман этнонимінің шығу тегі туралы зерттеулерде түрлі нұсқалар кездеседі. Бірқатар ортағасырлық жазбалар наймандарды моңғол даласындағы конфедерациялардың бірі болғанын көрсетсе, кейінгі кезеңдегі этнографиялық зерттеулер олардың түркілік мәдени жүйеге тән құндылықтарды сақтап қалғанын дәлелдейді. Этнолог М.Мұқанов найман этногенезін анықтауда тіл, билік институттары және көшпелі шаруашылық құрылымын басты фактор ретінде қарастырады (Муқанов, 1974: 58). Оның пікірінше, найман қауымының түркілік сипат алуы кездейсоқ ассимиляция емес, тарихи өзара ықпалдастықтың нәтижесі, өйткені Орта Азия мен Дешті Қыпшақ кеңістігінде этносаяси интеграция көбінесе соғыстан емес, ұзаққа созылған бейімделу процестерінен пайда болған.

Найман руының тарихи қалыптасуына әсер еткен маңызды факторлардың бірі - географиялық қоныстану ерекшелігі. Көшпелі қауымдардың тұрақты тіршілігі мал шаруашылық цикліне, климат пен ландшафтқа бейімделген. XIX ғасырдың басында найман қауымы Ертістің жоғарғы аңғарлары, Тарбағатай сілемдері, Зайсан, Семей өңірі және қазіргі Шығыс Қазақстан территориясының негізгі бөлігін қамтыған (Муқанов, 1974: 27). Арепованың зерттеуінде наймандардың жайлауы биік таулы аймақтарға бағытталғаны, ал қыстауы шұрайлы өзен аңғарларында шоғырланғаны көрсетіледі (Арепова, 2025: 63). Мұндай географиялық үлгі көшпелі шаруашылықтың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз еткен, рулардың арасында жер үшін қақтығыстарды азайтқан және маусымдық көші-қонның тиімді болуына жағдай жасаған. Көшіп-қону маршруты тек экономикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік бақылаудың құралы болды: руаралық шекараларды сақтау, жайылымдардың ротациясы және жайлауларды бөлісу дала қоғамындағы тұрақтылық механизмінің бір бөлігіне айналған.